

«Түркістан Индустриалды-құрылыс колледжі» МКҚК
№2 ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы

«17» маусым 2023 ж

Төраға: Шайхыбекова С.П

Хатшы: Каратаев С.

Қатысқандар: Колледж педагогтері мен қызметкерлер

Күн тәртібінде:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы №802 «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығына түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты колледж директоры Қ.Ибраимкулов: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру іс – шараларының жоспарына сәйкес, колледж ұжымымен жалпы жиналыс отырысын өткізді. Күн тәртібінің мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы №802 «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығына түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін колледж заңгері С.Каратаевқа сөз берді.

С.Каратаев:

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, ұдайы жетілдіріліп отырады.

Түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салдарын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, қазақстан азаматтарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын және сыбайлас жемқорлыққа "мүлдем төзбеушілікті" ілгерілету;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық қозғалысқа барлық мүдделі топтар: студенттер, оқушылар, оқытушылар, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, инвесторлар, тәуелсіз сарапшылар, еріктілер және басқалар тартылған.

Құжатта белгіленген нысаналы даму параметрлері мемлекеттік басқару реформасының кейінгі кадамдарын іске асыруға негіз болуға тиіс. Мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасының ережелері құқықтық саясат, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамаларымен тығыз байланысты деп сөзін аяқтады.

Жиналыс соңында қатысушылар тарапынан күн тәртібіндегі мәселе бойынша сұрақтар қойылып, сәйкесінше берілген жауаптарымен қанағаттандырылды.

Қаулы

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы №802 «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығына сәйкес түсіндіру жұмыстары басшылыққа алынсын.

Төраға

Шайхыбекова С.П

Хатшы

Каратаев С.

**«Түркістан Индустриалды-құрылыс колледжі» МКҚК
№1 ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

«28» 04 2023 ж

Төраға: Шайхыбекова С.П

Хатшы: Каратаев С.

Қатысқандар: Колледж педагогтері мен қызметкерлер

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексі.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты колледж директорының м.а О.Лачилова: жоғарыдағы нұсқаулықтарды негізге ала отырып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау, комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережелері, құндылықтары мен принциптерін түсіндірді. 01.11.2021 жылы № 77-н бұйрығымен комплаенс офицеріне колледж заңгері С.Каратаев бекітілгені жайында. Комплаенс-қызметіне квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуге С.Шайхыбековаға және колледж заңгері С.Каратаевқа функционалдық міндетіне тиісті өзгертулер мен толықтыруларды енгізу жүктелді. Алдағы уақытта құқықтық нормалардың сақталуын бақылауда ұстауды тапсырды.

Колледж заңгері С.Каратаев:

2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы, 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық Кодекс, 2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің түсіндіріп, колледж қызметкерлері тарапынан нормативтік құқықтық актілер сақтамай жүрген деректер тіркелмегенін айтты.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған жағдайда азаматтар 1424 тегін call-орталығына қоңырау шалып, мемлекетке хабарлай алады. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам мемлекет қорғауында болады және құпия сақталады. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Жемқорлыққа қазіргі таңда еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп жатқан мәселелердің бірі екендігін айтты. Кез-келген адам барлық заңдарды жетік білуі керек.

Қаулы

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер» туралы үлгілік ережелерін сақталсын.
2. 20.04.2023 жылы № К-73 Комплаенс-қызметін ұйымдастыру бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Шайхыбековаға және колледж заңгері С.Каратаевқа осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша, I тоқсан барысындағы нормативтік актілерді, 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы, 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық Кодекс, 2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің түсіндіруі есепке алынсын.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

Төраға

Шайхыбекова С.П

Хатшы

Каратаев С.